



Қазақстан Республикасының Президенті жанынан Бас бақылау инспекциясын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1993 жылғы 18 қаңтар N 1078. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.02.21. N 2046 жарлығымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарының, қаулылары мен өкімдерінің орындалуына пәрменді бақылау ұйымдастыру, лауазым иелерінің аталған актілердің талаптарын орындауға деген жауапкершілігін күшейту мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Президенті жанынан Бас бақылау инспекциясы құрылсын.
2. Бас бақылау инспекциясы туралы Ереже бекітілсін.
3. Басбақылау инспекциясының қызметін қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинетінің Аппаратына жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы

Президентінің 1993 жылғы
18 қаңтардағы N 1078
Жарлығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Президенті
жанындағы Бас бақылау инспекциясы туралы
ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Бас бақылау инспекциясы (бұдан әрі Бас бақылау инспекциясы) өз қызметінде Қазақстан Республикасының Президенті алдында жауапты және оған есеп береді.

2. Бас бақылау инспекциясының оның қызметіне тікелей басшылықты жүзеге асыратын, жұмысын ұйымдастыру бойынша өкімдер, сондай-ақ тексеруді жүзеге асыру жөнінде нұсқаулар мен ұсыныстар шығаратын төраға басқарады.

3. Бас бақылау инспекциясы өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарын, қаулыларын және өкімдерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

II. Бас бақылау инспекциясының құрамы
және оны құру тәртібі

4. Бас бақылау инспекциясы төрағадан, оның орынбасарларынан және мемлекеттік инспекторлардан тұрады.

5. Бас бақылау инспекциясының төрағасын қызметке Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды және мәртебесі жөнінен Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасарына теңестіріледі.

6. Бас бақылау инспекциясы басшысының орынбасарларын Қазақстан Республикасының Президенті Бас бақылау инспекциясы төрағасының ұсынуы бойынша қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

7. Мемлекеттік инспекторларды Бас бақылау инспекциясының төрағасы қызметке тағайындайды және қызметтен босатады, басқа қызметкерлер - ол белгілейтін тәртіп бойынша тағайындалады және босатылады.

8. Бас бақылау инспекциясының құрылымы мен қызметкерлері санын Қазақстан Республикасының Президенті Бас бақылау инспекциясы төрағасының ұсынуы бойынша белгілейді.

III. Бас бақылау инспекциясының құзыры

9. Бас бақылау инспекциясы:

республика министрліктерінің, ведомстволарының, мемлекеттік комитеттерінің, кәсіпорындар мен ұйымдарының меншік нысандарына карамастан, жергілікті әкімшіліктердің және басқа мемлекеттік басқару органдарының Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарын, қаулылары мен өкімдерін (бұдан былай Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін) орындау жөніндегі қызметін бақылауды жүзеге асырады;

Беті ашылған кемшіліктер мен тәртіп бұзушылықтарды жою жөнінде тексерілген органдар, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін жүзеге асыруды қамтамасыз ету жөнінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қолданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Президентін хабардар етіп отырады, сондай-ақ олардың дұрыс атқарылмауына кінәлі лауазым иелерін жауапқа тарту туралы ұсыныс енгізеді;

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің, әкімдердің, басқа да мемлекеттік басқару органдарының қарауы үшін беті ашылған тәртіп бұзушылықтарды, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін орындамауға немесе дұрыс орындамауға ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою туралы нұсқама енгізеді;

қылмыс белгілері байқалған жағдайда тексерудің материалдарын анықтау және тергеу органдарына береді.

10. Аталған функцияларды іске асыру мақсатында Бас бақылау инспекциясы: тексерілетін органдардың басшыларынан, лауазымды және басқа адамдардан ауызша және жазбаша түсініктемелер, анықтамалар, құжаттар және материалдар алуға;

заңға сәйкес мемлекеттік және басқа органдардан, мекемелер мен ұйымдардан өзінің функцияларын жүзеге асыруға қажетті құжаттар мен материалдарды сұратып алуға;

осы Ереженің 9-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген Қазақстан Республикасы Президенті актілерінің орындалуы туралы органдар басшыларының хабарын тыңдап отыруға;

қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдардың мамандары мен қызметкерлерін тексеру жүргізуге тартуға өкілетті.

11. Мемлекеттік инспекторлар, сондай-ақ тексеру жүргізуге тартылған мамандар мен қызметкерлер өз міндеттерін орындау кезінде:

белгіленген тәртіппен тексеру мәселесіне қатысты құжаттаманың бәрімен танысуға;

мемлекеттік басқару органдары өткізетін мәжілістер мен кеңестерге қатысуға;

қажетті құжаттар мен материалдардың қол сұғылмастығын қамтамасыз етуге

хұқылы.

12. Мемлекеттік инспекторлар, сондай-ақ тексеру жүргізуге тартылған мамандар мен қызметкерлер өзінің өкілеттіктерін жүзеге асырған кезде заң талаптарын орындауға, тексерілетін органдардың қалыпты жұмыс істеуіне кедергі жасамауға міндетті.

13. Бас бақылау инспекциясының қызметкерлерінің және тексеру жүргізуге тартылған мамандар мен қызметкерлердің шешімі мен іс-әрекетіне Бас бақылау инспекциясының төрағасына және заңда белгіленген тәртіппен шағым жасауға болады.

14. Республикалық және жергілікті мемлекеттік өкімет пен басқару органдары Бас бақылау инспекциясының өзіне жүктелген функцияларды орындауына барынша жәрдемдесуге, тексеру жүргізуге қажетті көмек көрсетуге міндетті.

Тексеру жүргізуге кедергі жасайтын, Бас бақылау инспекциясының қызметкерлеріне жұмыс істеу үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етпейтін лауазым иелері тәртіптік және заңда көзделген басқа жолмен жауап береді.

15. Бас бақылау инспекциясының қызметін қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратына жүктеледі.

16. Бас бақылау инспекциясының қызметкерлерін ұстауға кететін шығын республикалық бюджет қаржысы есебінен жұмсалады.